

## **А. ҚҰНАНБАЕВТЫҢ «ШОҚПАРДАЙ КЕКІЛІ БАР КАМЫС ҚҰЛАҚ» ӨЛЕҢІН 6 СЫНЫПТА ОҚИТУ ЖОЛДАРЫ**

**Есенгазы А.А.**

*Ғылыми жетекшісі – Қанапина С.Ғ.*

*Аннотация. В данной статье рассматривается технология изучения в 6 классе стихотворения Абая с использованием инновационных технологий обучения, опираясь на труды ученых-лингвистов казахского языковедения М. Жанпейсовой, К. Битибаевой.*

*Abstract. This article describes the technology education in grades 6, Abay poem with innovative learning technologies, based on the works of scholars of linguistics linguists Kazakhs.*

«Технология» ұғымы латын сөздерінен – «техне» – өнер, шеберлік, кәсіп және «логос» – ғылым дегенді білдіреді. Технология ғылыми жетістіктерді енгізудің тәсілі мен нәтижесі ретінде, ғылымда қол жеткізілген деңгейдің жинақталған көрінісі ретінде көрінеді. Технология шеберлік туралы ғылым. Шеберлікпен нәтижеге жету, кәсіби шеберлікті шындап, белгілі бір жоба модельмен оқытуға саяды. Технология-білімдік ақпараттарды толықтырып, өңдеп, өзгертіп ұсынудың әдістері мен құралдарының жиынтығын, қажетті құралдарды оқу үрдісінде тиімді пайдалана отырып, оқушыларға жеткізе білудің тәсілдері туралы ғылым [1, 5 б]. Халқымыздың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы «Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс есебінде қолдану керек», – дегені әр оқытушының жадында болуға тиіс. Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Ж.Аймауытов «сабақ беру үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер» – деген, яғни оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіруге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға негізделуі қажет [1, 17 б], Ғалым Марал Жанпейісова: «Педагогикалық технологиялар – бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің; оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара-ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында оқушының дамуына жағым-ды жағдайлар жиынтығын құрайды» [3, 15 б]. Қазақстанда профессор Ж.А. Караевтің оқытуды дербестендіру мен деңгейлік саралап оқыту технологиясы, М.М. Жанпейісованың модульдік технологиясы, Ә. Жүнісбектің үндесе оқыту әдістемесі, Ф.Ш. Оразбаеваның қатысымдық тұрғыдан оқыту әдістемесі, Ш. Бектұровтың, Қ. Қадашеваның, Қ. Сариеваның т.б. ғалымдардың әдістемелері белсенді түрде қолдануда. Бұл технологиялар теориялық тұрғыдан дәлелденіп, тәжірибеде жақсы нәтиже көрсетіп жүр. Аталған техноло-гиялардың арасында күнделікті сабақ үрдісінде пікірлесім түрлерінің тиімділігін көрсететін технологиялар – дамыта оқыту, модульдік, деңгейлеп оқыту және пробле-малық оқыту технологиялары. Біз бүгінгі сабақта: Қ. Бітібаеваның «проблемалық оқыту технологиясын», «Ж. Караевтің оқытуды дербестендіру мен деңгейлік дифференциалдау технологиясын», «Сын тұрғысынан оқыту технологиясын» қолдандық. Осы жерде неге, не үшін осы әдіс-тәсілдерді алды, қолданды, несімен тиімді деген заңды сұрақтардың туындайтыны анық [4,18–21 б.]. Ендеше осы технологияларға жеке-жеке тоқталып, сипаттама берейік: **Бірінші:** Бүгінгі таңда Ж. Караевтің оқытуды дербестендіру мен деңгейлік дифференциалдау технологиясы пәнге деген қызығушылықты арттыратын технология ретінде танылды. Деңгейлік саралап оқыту техно-логиясының мақсаты мен мақсаты мен мағынасы: әр үйренушіні оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарай оқыту, оқытуды үйренушілердің әртүрлі топтары-ның ерекшелігіне сәйкес бейімдеу, ыңғайлау, берілген тапсырманың саралануы. Әр топта үлгерімі орташа, жақсы, үздік үйренушілер болады, оларға деңгейлік тапсырмалар қолдану қажет. Яғни, жеңілден күрделіге өте отырып, сабақ өткізу.

Біз бұл әдісті, үй жұмысын тексеруде қолдануды жөн көрдік. **Екінші:** Сын тұрғысынан ойлау технологиясы.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» (СТО) бағдарламасы қазіргі таңда білімді, білгенін өмірге пайдалана алатын шәкірт тәрбиелеуде алатын орны ерекше.

Сын тұрғысынан ойлау стратегиясы бойынша жүргізілетін жұмыста оқушылардың:

1. Өз бетінше тұжырым жасау, қорытындыға келу;
2. Ұқсас құбылыстар арқылы арасынан тиімдісін таңдай біл;
3. Проблеманы шеше білу;
4. Пікір таласты жүргізе білуге қабілеті қалыптасады.

Сын тұрғысынан ойлаудың маңыздылығының нәтижесі, ол әдіс түрлері. Біз сабағымызға сәйкестендіріп, бұл технологияның ішінен мынадай әдістерді алуды жөн көрдік. Олар: кестелер, тірек сызбалар, семантикалық карталар, «Екі жақты түсініктеме» күнделігі, INSERT стратегиясы. Біз бұл әдістерді жаңа сабақты түсіндіруде және қорытынды бөлімде қолдандық. «Ойын әдісін» қорытынды бөлімде қолдандық. Бұл әдіс түрі оқушыларды шапшаңдыққа және ұтқырлыққа үйретеді. INSERT стратегиясы бойынша оқушылар үш сұраққа жауап іздейді. Олар: нені білдім? мен үшін жаңа ақпарат? нені білгім келеді?. Бұл әдістің тиімді жағы сабақты бекітуде берер көмегі көп. **Үшінші:** Проблемалық технологияның қазақ әдебиетін оқытудағы мүмкіншіліктерін қарастырайық. Проблемалық әдіс туралы белгілі ұстаз Қ. Бітібаева «Проблемалық талдау оқушылардың танымын арттыру, ойлау белсенділігін жетілдіруде үлкен рөл атқарады және өзіндік ізденістеріне мол мүмкіндік ашады, әрі дамыта оқытудың негізгі жолы ретінде де пайдалы болып келеді» деген [4, 23 б]. Сонымен, проблемалық оқыту технологиясының қазақ әдебиеті сабағындағы тиімділігі: пікірлесім арқылы үйренушілерге тек қажетті білім, ептілік және дағдылар жүйесін меңгеруге жәрдемдесіп қоймастан, олардың ақыл-ойының дамуына жол ашады, өз шығармашылық қуатымен берік білім қалыптастыруға көмектеседі, өз оқу еңбегіне қызығу ұмтылысын дамытады. Жалпы бұл әдіс оқушылар арасында сұрақ қою арқылы, пікірталас, туғызу. Яғни қойылатын сұрақтар негізінен проблемалық жағдайды туғызатындай болуы керек. Біз бұл әдісті А. Құнанбаевтың «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» өлеңін оқыту, талдау барысында қолдандық. Себебі: өлеңді оқып болғаннан кейін, аттың сыны турасында әр түрлі сұрақтар қойылады. Сұрақтың дені ұлттық танымға байланысты болмақ. Жалпы қазақ халқының ұлттық танымында жылқы малының алатын орны қандай?, сол жайында толық мәлімет беру. А. Құнанбаевтың төрт түліктің ішінен жылқыны таңдап алып суреттеуінің тегін еместігін дәлелдеу. Жоғарыда атап өткендей, халқымыздың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы «Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс есебінде қолдану керек», – дегені әр оқытушының жадында болуы тиіс. Сонымен, осы аталған технологиялар мен әдістер қолданылған сабақты, назарларыңызға ұсынамыз.

**Пәні:** Қазақ әдебиеті.

**Сынып:** 6

**Сабақтың тақырыбы:** А. Құнанбаевтың «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» өлеңін оқыту жолдары.

**Сабақтың түрі:** Жаңа сабақ.

**Сабақтың мақсаты:**

**Білімділік:** Оқушылардың сабақта алған білімдерін нығайту, тиянақтау, теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыру.

**Дамытушылық:** Оқушының ой еркіндігін ояту, шығармашылық белсенділіктерін шыңдау, сөйлеу мәдениетін қалыптастырып, өздігінен білім алуға жетелеу.

**Тәрбиелік:** Ұлы ақын Абай өмірін үлгі ете отырып, оқушыларды адамгершілікке, саналылыққа тәрбиелеу және Абай сөздері арқылы ұрпақ жүрегіне адамгершілік қасиетті сіңіру. Оқуға алынған өлең арқылы ұлттық дәстүрді қадірлеуге тәрбиелеу.

**Сабақтың әдіс- тәсілдері:** сұрақ-жауап, топтастыру, талдау, кестелер, семантикалық карта, тірек-сызба, «екі жақты түсініктеме» күнделігі.

**Қолданылатын технологиялар:** Қ. Бітібаева «Проблемалық оқыту технологиясы», «Ж.Караевтің оқытуды дербестендіру мен деңгейлік дифференциалдау технологиясы», «Сын тұрғысынан оқыту технологиясы».

**Сабақтың көрнекілігі:** оқулық, слайд, карточкалар, «атқоржын», сандықша, аттың мүсіні, деректі фильм.

**Пән аралық байланыс:** қазақ тілі және ән-күй.

**Сабақтың барысы:**

I. Ұйымдастыру кезеңі:

оқушыларды түгендеу,

оқу-құралдарын алғызу;

(2 топқа бөліп отырғызу, 1 топ: Сұңқар, 2 топ: Тұлпар. Сабақ шартымен түсіндіру. «Қаңжығаларын майлап отырады, яғни екі топ белгілі бір сұраққа жауап берген сайын сандықша «Білім қазынасы» ішіндегі дөңгелекшелерді алу).

**II. Үй тапсырмаларын тексеру:** «Ж. Караевтің оқытуды дербестендіру мен деңгейлік дифференциалдау технологиясы» арқылы.

а) шығармаға жуық әңгімелеу;

ә) сұрыптап, теріп әңгімелеу;

б) еркін әңгімелеу; (рөлге бөліп әңгімелеу);

в) өзіңе ұнаған, ұнамаған эпизодты баяндау.

**Ғ. Мүсірепов «Ананың анасы» әңгімесінің мазмұны.** «Ананың анасы» (1934) атты әңгімесінің мазмұны ел арасына кең тараған аңыздан алынған. Мұнда елді шауып, жазықсыз жас қызды зорлап алып бара жатқан батырды қыз анасының сөзбен тоқтатып, жеңгені, сөйтіп, оның қызын жау қолынан азат етуі баяндалған. Шығарманың мазмұны Әйтілес ақсақалдың «етектей сақалын балуан саусақтарымен салалап тарап» қойып өткен өмір оқиғасын баяндауынан басталады. Әңгімеде намысқа шабар білегі, әділетті таныр жүрегі бар, бірақ ел әкімдерінің алдауына түскен аңғал батыр Жалпақ балуанның Бала бидің қолшоқпары болуы, жүрегін жарып шыққан қызының тағдырына шырылдап арапашы бола білген абзал ананың өжеттігі айтылады

– Әйтілес кім?

– Әңгімедегі оқиға қай кезеңді суреттейді?

– Әйтілес қандай әңгіме айтты?

– Бала би Жалпақ балуанға не деді?

– Бидің тілегі қандай, батырдың тілегі не?

– Сауға деген не?

– Жылқының жатқан жерінен жарты көш шыққан кезде бір қара көрінді..

– Тағы бір мезгілде артқа қарасақ, түйғындай түйіліп, жұлдыздай ағып біреу келеді..

**III. Жаңа сабақты түсіндіру** (слайд)

Эпиграф:

Асыл сөзді издесің,

Абайды оқы, ерінбе.

Адамдықты көздесең,

Жат тоқып ал көңілге.

С. Торайғыров

(Эпиграфтан кейін Абай Құнанбаев жайлы оқушылардан сұрау. Оқушылардың сөзін қостай отырып жаңа сабаққа көшу). А. Құнанбаев туралы мәлімет: Қазақтың ұлы ақыны Абай (Ибрагимов) Құнанбаев 1845 жылы бұрынғы Семей облысы, Абай ауданы, Шыңғыс тауының етегінде туған. Шыққан ортасы-ауқатты Тобықты руының белгілі ел билеушісі болған ірі тұлғасы Құнанбай Өскенбайұлының отбасында дүниеге келген. Әжесә Зәре мен дана мінезді анасы Ұлжанның тәрбиесін көреді. Абайды әкесі он жасында Семейге оқуға жібереді. Әуелі ол Ғабұл-Жаппардың, кейін Ахмет-Ризаның медресесінде білім алады. Орыс тілін өз бетімен меңгеріп, сол арқылы әлем әдебиеті, өнері, ғылымы, фәлсафасына аяқ басады.

Хронологиялық кесте түрінде («Сын тұрғысынан оқыту технологиясы»). Ғалымдар пікіріне тоқталу.

**Оқулықпен жұмыс:** «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» өлеңін оқыту ( Қ. Бітібаева «Проблемалық оқыту технологиясын» қолдану ).

**Кітаппен жұмыс:** Қазақтың ұлы ақыны Абай (Ибрагимов) Құнанбаев 1845 жылы бұрынғы Семей облысы, Абай ауданы, Шыңғыс тауының етегінде туған. Шыққан ортасы-ауқатты Тобықты руының белгілі ел билеушісі болған ірі тұлғасы Құнанбай Өскенбайұлының отбасында дүниеге келген. Әжесі Зәре мен дана мінезді анасы Ұлжанның тәрбиесін көреді. Абайды әкесі он жасында Семейге оқуға жібереді. Әуелі ол Ғабұл-Жаппардың, кейін Ахмет-Ризаның медресесінде білім алады. Орыс тілін өз бетімен меңгеріп, сол арқылы әлем әдебиеті, өнері, ғылымы, фәлсафасына аяқ басады.

1. Өлеңді оқып шығу.
2. Абай сөздігімен жұмыс.
3. Көркемдегіш құралдарды табу (теңеу мен эпитет).
4. Сұрақ-жауап әдісі.

Өлеңді оқи отырып, ақын суреттеуінен қандай әсер алдыңыздар?

1. Абай өлеңінде аттың сыны қандай сөздермен айшықталған?
2. Батырлар жырларында ерлерді жеңіске жеткізген аттарды атаңыздар?
3. Жылқы малы туралы қандай мақал-мәтелдер білесіздер?

**Проблемалық жағдай туғызатын сұрақтар:**

1. Абай Құнанбаев неліктен жылқы малын суреттеген?
2. «Ат – ер қанаты» деген қанатты сөздің шығуы неліктен деп ойлайсыздар?
3. Қазақтың ұлттық танымында жылқы малының алатын орны қандай? (оқушыларға бірігіп ақылдасуға уақыт беріледі, екі топты тыңдап болғаннан кейін, мұғалім өзі толықтырып кетеді).

– Иә, оқушылар дұрыс айтасыздар! Қазақ халқы «Ат- ер қанаты» деп тегіннен айтпаған.

Біздің ұлттық танымымызда жылқы малының алатын орны ерекше. Мысалы: **Қазақ үшін ең құнды, қасиетті мал-жылқы. Жылқының пірі - Қамбар ата.**

**Жасына, түріне қарай:** құлын, жабағы, тай, құнан, байтал, сойтал, дөнен, қулық, бесті, бие, ат, сәуірік, айғыр деп ажыратылады. Мысалы: «Ат, айғырлар, биелер, бүйірі шығып ыңқылдап»... (Абай).

**Бұрынғы ел қорғаған ерлер жылқы ішіндегі таңдаулыларын:** жорға, сужорға, жүйрік, тұлпар, қазанат, сәйгүлік, наз бедеу, дүлділ, арғымақ деп сипаттап ерекше дәріптеп бағалаған.

**Тіпті оны жүрісіне дейін жіктеп:** аяң, жорға, жортық, бұлкек, бөкен желіс, сар желіс, текірек, шоқыту, шабыс деп түрге бөлген.

**Басқа малға қарағанда жылқы түсі де көп:** торы, күрең, жирен, шабдар, ақбоз, боз, көк, қызыл, қара, шұбар, теңбіл, теңбіл көк, баран, бурыл, қылаң, ала, сұр, кер, құла, қарагер.

**Жылқы – қазақтың кәднлі, бағалы, орны бөлек қымбат қазынасы.** Сый-сияпат, кәделі жерлерде халық ер-азаматтарға ат мінгізіп, шапан жапқан. Демек, ол құрмет белгісі ретінде ұсынылатын үлкен сый орнына жүреді.

Жылқы малының қадірін біліп, оны бағалаған бабаларымыз **адам есіміне де жылқы атауларын қосуды әдетке айналдырған:** Құнанбай, Атанбай, Нартай, Бурабай, Жылқыайдар және т.б .

Малдың қадір-қасиетін бағалай келіп тәжірибелі, малсақ халқымыз түйе-салтанат, **жылқы-мақтан**, сиыр-қанағат, қой-қазына деген екен. Бұл төрт түлікке берген әділ баға [5, 10–12 бб].

**VI. Қорытынды:** «Сын тұрғысынан оқыту технологиясын» пайдалана отырып өтілген сабақты бекіту.

- Тірек-сызба (пысықтау сұрақтарын қою);
- «Адасқан әріптер» ойыны;

- «Екі жақты түсініктеме» күнделігі;
- «INSERT» стратегиясы;
- Тірек –сызба: А. Құнанбаев кім?
- «Адасқан әріптер» ойыны (тақтада сұрақтар беріледі, дұрыс жауабымен. Бірақ әріптер адасып, шашыраңқы күйде беріледі);
- «Екі жақты түсініктеме» күнделігі (өлеңнен үзінді оқу, үзінді жайлы пікір және мазмұнына сәйкес мақал-мәтел айту);
- «INSERT стратегиясы» бойынша өтілген сабақтан нені білгендерін, олар үшін не жаңа екенін анықтайды және нені білгілері келетіндігін айтады. Толтырылған карта бойынша пікір алысады. Бір-бірінің білімін толықтырады (Карточкаларды тарату);
- А. Құнанбаевтың «Көзімнің қарсы» әнін тыңдату.

**Бағалау.** (қоржынды ашып, ішіндегі дөңгелектерді санап жеңімпаз топты анықтау. Қоржындарды біріктіріп, атқоржын жасап жеңімпаз топқа сыйға тару).

**VII. Үй тапсырмасы:** өлеңнен үзінді жаттау, «Ат – ер қанаты» деген тақырыпта шағын шығарма жазып келу.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Айтмамбетова Б.Р. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. – Алматы, 1991.
- 2 Мирсейітова С. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы. 1998.
- 3 Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы, 2002.
- 4 Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы, 1999.
- 5 Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. – Алматы, 2002.

### **«КЕНЕСАРЫ-НАУРЫЗБАЙ» ЖЫРЫНДАҒЫ КӨРКЕМ ШЫНДЫҚ ПЕН ТАРИХИ ШЫНДЫҚТЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ**

**Жарылқасынова Г.Б.**

*Ғылыми жетекшісі – Мырзағалиева К.М.*

**Аннотация.** В данной статье рассматривается историческая и литературная правда в произведении Нысанбай жырауа «Кенесары-Наурызбай». Проанализированы и сравнены, научно конкретизированы исторические и литературные материалы.

**Abstract.** This article examines the historical truth and the truth in a work of literary Nysanbaev zhyraua "Kenesary-Nauryzbai." All materials science fleshed.

«Кенесары-Наурызбай» жыры – тарихи жыр. Бұл дастанды Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне бастан-аяқ қатысып, барлық оқиғаларды өзі көрген Нысанбай жырау Жаманқұлұлы шығарған. Нысанбай көлемді, тарихи-реалистік сипаттағы жырда Кенесары мен Наурызбайдың бейнесін батырлық эпос үлгісімен жырлап, ұлт-азаттық көтерілісінің соңғы кезеңін терең танып, үлкен ақындық шеберлікпен суреттеген.

Ұлт батырлары Кенесары мен Наурызбайдың психологиялық жағынан ең бір айқын айшықталған бейнесі жасалынған. Бұл жырды тарихшы ғалымдар да, жазушылар да өздерінің зерттеу жұмыстарында, шығармашылық қызметтерінде дереккөзі ретінде пайдаланған. Ұлт-азаттық көтерілісінің ішінде жүріп, оның жалынды жыршысына айналған Нысанбайдың аузынан тараған жыр аталған себептерге орай, тарихи жәдігер ретінде де, көркемдік ескерткіш ретінде де өте құнды дүние. Жыр алғаш рет 1875 жылы С. Жантөрин мен Т. Сейдалининнің аудармасымен «Записки Оренбургского русского географического общества» журналының 3-ші бөлімінде сөзі қазақша, әрпі орысша болып басылды, қазақ тілінде 1912 жылы Қазанда Университет баспаханасында Жүсіпбек Шайхисламұлы жинап жырлаған жыр нұсқасы «Қисса Кенесары и Наурызбай төре Қасым уғлы Қасым Абылайханов» деген атпен жарық көрді. Ә.Диваев жинаған Ж.Басығарин нұсқасы Х.Досмұхамедұлының алғы сөзімен 1923 жылы